

ЕРАЛИН ҚУАНДЫҚ,
ЕСЕНАЛИЕВА ДИНАРА



**БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ
ШЫГАРМАШЫЛЫҚ
ІС-ЭРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**



ДЫК

ЕРАЛИН ҚУАНДЫҚ, ЕСЕНАЛИЕВА ДИНАРА

БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ
ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТАЫРУ

ОКУЛДІРІК

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық казак - түрік университеті сенат мәжілісінің шешімімен бекітілген (Хаттама №2, 12 қыркүйек 2016 жыл)

УӘК 75/76 (0,75.8)

ББК 85.1 Я 73

Е 64. Ералип Қ. Есеналиева Д. Болашақ дизайнерлердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру. Монография. Түркістан. 2016. – 98 бет.

Пікір жазғандар:

Бейсенбаев С.Қ - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Тәнірбергенов М.Ж - педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Монографияда болашақ дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалған. Енбекте болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың моделі дидактикалық шарттары, құрылымы, бағыттары негізделген. Аталған іс-әрекеттерді қалыптастырудың әдістемелік білімдері мен іс-әрекеттерін қалыптастыру мазмұны, формалары мен әдістемесі берілген. Зерттеу жұмысының анықтау, қалыптастыру, бакылау кезеңдеріндегі білім мен іс-әрекет деңгейлерінің нәтижелері сипатталған. Зерттеудің тұжырымдары мен нәтижесінен туындаған ұсыныстар берілген.

ISBN 978 – 601 – 243 – 546 – 7.

©Ералип Қ.,Есеналиева Д., 2016 ж.
©Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ,2016ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

1 БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ИС-ӘРЕКЕТТЕРИН ҚАЛЫПТАСТАСЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....7

1.1 Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру педагогикалық проблема.....7

1.2 Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделі.....22

1.3 Болашақ костюм дизайннерлердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....30

2 БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ИС-ӘРЕКЕТТЕРИН ҚАЛЫПТАСТАСЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ.....43

2.1 Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру мазмұны.....43

2.2 Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру әдістері.....48

2.3 Зерттеу жұмыстарының нәтижелері.....52

КОРЫТЫНДЫ.....69

ПАЙДАЛАНГАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....71

ҚОСЫМШАЛАР.....75

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әлеуметтік-экономикалық жаңғыру – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Қазақстанда адам капиталының сапалы өсуі. Бұл, ең алдымен, білім және денсаулық сактау. Оқыту үдерісіне заманауи әдістеме мен технологияны енгізу, педагогикалық құрамның сапасын арттыру, біліктілікті растигын тәуелсіз жүйені құру, жастар үшін білімге қолжетімділік аясын кеңейту қажет. Білім тек білім беріп қана қоймай, сондай-ақ алған білімін әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалануға икемделуі керек. Адам әлеуеті деңгейін арттырудың өзге маңызды бағыты қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету, салауатты өмір салтын алға жылжыту болып табылады [1].

Бүгінгі өндірістік-технологиялық және акпараттық-карым-қатынас салаларының карқынды дамуы жағдайында адам болмысы жүйесіндегі эстетикалық құрамның маңыздылығы арта түседі. Өйткені эстетикалық мәдениет сұлулық заңдары негізінде адамның эмоционалдық, ой-өрістік, парасаттылық өмірін сипаттай отырып, оның әлеуметтік және жеке құндылықтар жүйесінде көрініс табады. Жеке тұлғаның жалпыадамзаттық идеалдарға ұмтылышының, мәдени-тариhi жетістіктерге катастырылуының, эстетикалық қалыптасуының маңызды факторының бірі бейнелеу өнері болып табылады. Олай дейтініміз бейнелеу өнері эстетикалық және практикалық мәнге ие.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Занында жоғары білім беру жүйесінің негізгі максаты қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыруға кең мүмкіндік беру көректігі айқындалған. «Білім туралы» занында сегізінші тарауында көрсетілгендей, білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқытудың жана технологияларын енгізу, халықаралық ғалами коммуникациялық байланыска шығу, білім беруді акпараттандыру болып табылады. Ал қазір қоғамдық сұраныстарды жоғары деңгейде қанағаттандыруға бағытталған [2].

«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» тұжырымдамасында: «Білімді, білік-дағдыларды механикалық түрде беру емес, акпараттық-зияткерлік ресурстарды өз бетінше тауып, талдап және пайдалана біletін, идеялардың куат көзі болатын, жедел өзгеріп отыратын, әлем жағдайында дамитын және өзін-өзі ашып көрсете алатын жеке тұлғаны қалыптастыру басымдық болып табылады» дедінген [3]. Демек, бұл тұжырымдама білім берудің басты философиясы болмак.

Ғылыми педагогикалық енбектерге жасаған талдау, бұл мәселенің ешқашан да зерттеу объектісінен түспегенін дәлелдейді. Көркем білім берудегі

казіргі заманғы тәжірибелерді саралау барысы бағдарлы оқытудың басты бағытын анықтауга ықпал етеді, студенттердің жеке қызығушылықтары мен танымдық қажеттіліктерін, өмірдің өзекті тұстарын пайымдауына, әсер ету болып табылады.

«Өндірістік дизайн нысандарын жобалау» пәнінен оқытудың жана технологияларын пайдалану және осы үдерістің мүмкіндігі аркылы студенттердің шығармашылық қабылеттерін арттыру кәсіби біліктілігін жетілдіру талаптары күннен-күнге өсуде.

Студенттердің шығармашылық қабылеттерін арттыру кәсіби біліктілігін жетілдіру мәселелері туралы Н.Н. Ростовцев [4], В.С. Кузин [5], Е.В Шорохов [6], Т.Я Шпикалова [7], А.С. Хворостов [8] және т.б. енбектерінде бірқатар зерттелген. Соңғы кездерде оқыту барысында бейнелеу технологиясы мен оны оқыту мәселелерін Қ.Е. Ералин, Қ.Ж. Амиргазин, С.А. Аманжолов, Е.С. Асылханов зерттеген [9,10,11,12].

Ғылыми педагогикалық енбектерді талдау нәтижелері костюм дизайнынан жана жобаны дизайнерлік көркем практикалық түрғыда тиімді үйимдастыра алатын маман қажеттігі мен көркем шығармашылық іс-әрекеттер қызметін жоғары дарежеде менгерген костюм дизайнериңе сұраныстың артуына байланысты қарама-қайшылықтар кездесетіндегі көрінді. Бұл жағдай бізге ғылыми педагогикалық зерттеу такырыбын «Болашак дизайнерлердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру» - деп тандауымызға негіз болды.

Зерттеу нысаны: болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру үдерісі.

Зерттеу мақсаты: болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруды теориялық түрғыдан негіздеу, оқыту бағдарламасы мен әдістемесін жасау және оны іс-тәжірибеден өткізу.

Зерттеу міндеттері: болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудын педагогикалық шарттарын айқындау; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудын моделін анықтау; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың бағдарламасын, әдістемесін жасау.

Зерттеу әдістері: зерттеу проблемасы бойынша тарихи-этнографиялық мұражайларындағы қазақ қолөнер мұраларына, шет ел бейнелеу өнеріне, көрмелер мен суретшілер шығармаларына, археологиялық, өнертану, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерге, әдістемелік құралдарға теориялық саралтау жасау, педагогикалық тәжірбие нәтижесіне талдаулар жасап, баға беру.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы: болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалды; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың моделі анықталды; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың бағдарламасы мен әдістемелік нұсқаулары жасалды;

Зерттеудін практикалық мәні: зерттеу нәтижесінде: «Шығармашылық іс-әрекет» атты курс бағдарламасы; «Шығармашылық іс-әрекет» атты әдістемелік нұсқау жасалды.

Монография кіріспеден, екі белімнен, корытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Кіріспе белімінде зерттеудің көкейкестілігі, максаты, міндеттері, объектісі, ғылыми жаңалығы, зерттеу әдістері, теориялық және практикалық мәні баяндады.

«Болашақ дизайннерлердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастырудың теориялық негіздері» атты бірінші белімде болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалды. Дизайнерлік өнердің көркем білім мазмұнының білімдік мүмкіндіктері қарастырылды. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың моделі жасалды, оған сипаттама берілді, болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың дидактикалық шарттары, құрылымы, бағыттары мен әдістемесі негізделді.

«Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың әдістемесі» атты екінші белімде зерттеу жұмыстарының нәтижелері және ұсыныстар жан-жақты мазмұндалды. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың әдістемелік білімдері мен іс-әрекеттерін қалыптастыру мазмұны, формалары, әдістері мен әдістемесі берілді. Зерттеу жұмысының анықтау, қалыптастыру, бакылау кезеңдеріндегі білім деңгейлерінің кесіндісі нәтижелері сипатталды.

Корытындыда зерттеудің нақты тұжырымдары мен зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесінен туындаған ұсыныстар берілді. Қосымшада зерттеу жұмысына қатысты оқу әдістемелік материалдар ұсынылды.

1 БОЛАШАҚ ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРИН ҚАЛЫПТАСТАСЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру педагогикалық проблема

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті алдыңғы елдердің катарына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы жағдайында ұлттық мәдениетті кайта өркендешуге аса назар аударылып отыр. Мұны Үкімет пен Білім министрлігінің осы сала бойынша қабылданған Зандары, қаулы-каарлары, тұжырымдамалары мен мемлекеттік бағдарламалары дәлелдейді.

Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы «Қазақстанның бірегей халықтарының ұлтаралық және мәдениетаралық ынтымағы мен жетілуін қамтамасыз ете отырып, казак халқының көп гасырлық дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сақтаймыз және дамыта түсеміз» деген ой-тұжырымдары да жас ұрпақты рухани-мәдени мұралар негізінде тәрбиелеу қажеттігін айғақтайды.

Сондай-ақ, қазіргі өндірістік-технологиялық және акпараттық-карим-қатынас салаларының қарқынды дамуы жағдайында адам болмысы жүйесіндегі эстетикалық құрамның маңыздылығы арта түседі. Өйткені эстетикалық мәдениет сүлүүлік зандары негізінде адамның эмоционалдық, ой-өрістік, парасаттылық өмірін сипаттай отырып, оның әлеуметтік және жеке қундылыктар жүйесінде көрініс табады. Жеке тұлғаның жалпы адамзаттық идеалдарға ұмтылышының, мәдени-тарихи жетістіктерге қатыстырылуының, эстетикалық қалыптасуының маңызды факторы болып халық өнері, соның ішінде сән өнері таблады. Олай дайтініміз сән өнері эстетикалық және практикалық мәнге ие [10,76].

Ғылыми педагогикалық әдебиеттерді сараптау мен зерттеу жұмыстары жұмыстарының нәтижелері мен корытындылау нәтижелер, костюм дизайннерлерінің шығармашылығын қалыптастыру мәселелері бойынша мынандай тұжырым жасауға мүмкіндік тұгызыды. Бейнелеу өнерін оқыту саласында көрнекті ғалымдар Н.Н.Ростовцев [4], В.С.Кузин [5], Е.В.Шорохов [6], Т.Я. Шпикалова [7], Л.Г.Медведьев [13] енбектерінде шығармашылық іс-әрекет жана туындыны жасау, жана бүйімді жобалау үдерісіндегі шығармашылыққа негізделген өнер шеберінің іс-әрекеті ретінде танылады; жеке тұлғаның креативтілік қабілетін дамыту және көркем өнер шығармашылығын жетілдіру, шығармашылыққа бағытталған ұстанымының беріктілігінен туындаитыны М.Ә.Құдайқұлов [14], С.А.Ұзакбаева [15], Қ.Ералин [16] енбектерінен белгілі.

Шығармашылық дегеніміз не? деген сұрақка сөздікте: «Шығармашылық бұл іс-әрекет, соның нәтижесінде жаңа материалдық немесе рухани байлыктар жасалады» деп анықтама береді [17,266].

Философтар мен шығыс ойшылдарының ой-тұжырымдарын айтып кетуді жөн көрдік: «Халықтың өркендеуі, оның өркениетке ұмтылуы, маңыздысы - студенттің өз бетінше ойланған болуі.. Оқыту әдісі - студенттің жүре келе оку орнына, сабакқа, ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын жол» - Ібырай Алтынсарин [18,56], «Білім - мига, жүйкеге әсер ете отырып, адамды өзгертеді. Сондықтан адам білім ала отырып, табиғаттан тәуелсіз бола алады» Шокан Уәлиханов [19,236].

«Шығармашылық» - кандай да бір сапалы жаңаңы тудыратын және қайталанбайтындығымен, даралығымен, қоғамдық-тарихи сиректігімен-ерекшеленетін іс-әрекет. Сондай-ақ шығармашылықтың басқада көлтеген анықтамалары бар, оның ішінде психолог Фроммның анықтамасы барынша көңілден шығады: «Шығармашылық – стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алу шеберлігі мен таңдана білу мен тану қабілеті, бұл өзінің тәжірбесін терең сезіне білу қабілеті мен жаңаңы ашуға мақсатты бағыт алуы» [20,86]. Бұл түсінкемеден келіп шығатыны, шығармашылықтың критерийі адамның ерекше іс-әрекетінің нәтижесінің сапасы емес, бұл адамның шығармашылық өнімділігін белсендіре түсетін процестер мен сипаттамалар.

«Шығармашылық» ұғымы жөнінде Қазақстан Республикасы Орта білімді дамыту тұжырымдамасында: «Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, ездігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үрленуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытЫП, олардың өшүіне жол бермеуге, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туындығана емес жаратушы да. Ол өзін-өзі жетілдіруге де, сонымен катар өзінен-өзі жойылуға да қабілетті. Адамның өз болмысын тануға ұмтылысына көмектесіп, теренде жатқан талап-тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүру үшін рухани күш беру-білімнің басты мақсаты», - деп көрсетілген. Осы тұрғыдан қарғанда, шығармашылық: біріншіден өзін-өзі тануға ұмтылысы, ізденісі, екіншіден, қабілеттерін дамытуы, рухани күшінің нығаюы болып табылады.

Шығармашыл тұлғага барынша білуге құмарлық пен қандайда бір жаңа, өзгеше нәрсені жасауға ұмтылысы тән болып келеді. Мұндай адам жеке, тәжірбесін байытуға, механизмдерді қадағалау үшін түрлі құбылыстар мен процестерді зерттеуге уақытын аямайды. Ол әрдайым қоғамның және өзінің жақындарының уақыттын, материалдық және күшті үнемдейтін, әнбекті ұттық ететін, пайдалы технологиялар мен қондыргыларға мұқтажын жақсы біледі [21,86].

Іс-әрекет - адамның дүниемен қарым қатынас тәсілі. Іс-әрекет барысында адам табиғатты, коршаган айналаны игеріп, шығармашылық тұрғыда өзгертеді. Сөйтіп, өзін іскер, жасампаз субъект ретінде қалыптастырады, ал

еzi игерген табиғи ортаны іс-әрекет объектісі етеді. Адам іс-әрекет үстінде кез-келген затка жат піғылмен қарамайды. Керінше осы заттың табиғаты мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, игереді, сондай-ақ ез іскерлігінің өлшемі мен мәні етеді. Іс-әрекет барысында адам табиғатпен өзара әрекетте болып кана қоймайды, оны бірте-бірте өзінің материалдық және рухани мәдениетінің құрамына кіргізеді. Сыртқы дүниені өзгерту адамның өзін дамытуы үшін қажетті жағдай және алғышарт болып табылады. Іс-әрекет тұтас процесс қарым-қатынаспен тығыз байланыста және болашак үрпакқа бағытталған әлеуметтік сабактас белсенді құбылыс болып табылады. Адамдардың іс-әрекеті әрдайым бұрын жасалған дәлелді алғышарттар мен белгілі бір қоғамдық қатынастардың негізінде жүзеге асады. Сол себебті ол нақты тарихи сипатта, нақ осы әлеуметтік шындықтың өмір сүру тәсілі болып табылады. Іс-әрекеттің философиялық ұғымының барлық әлеуметтік ғылымдар, әсіресе, психология, социология, педагогика, т.б. үшін маңызды дүниетанымдық және методологиялық мәні бар [22,96].

Шығармашылық іс-әрекет табиғатын тану шығармашылық ұғымын танудан бастау алады. Шығармашылық еңбек қарапайым еңбектің негізінде пайдала болады. Қарапайым еңбектің негізінде дәстүрлі бұйымдар дүниеге келеді. Дәстүрлі бұйымдар жасауға бағытталған қарапайым еңбек нәтижесінде қарапайым еңбектің белгілі бұйым жасаудың іскерлік пен дағдысы қалыптасады. Кандай бұйым болмасын оның сыртқы формасы, конструкциялық құрылымы болатыны белгілі. Шебер ол бұйымды бірнеше рет жасаған сон оның формасына немесе түр түсіне, безендіруіне белгілі дәрежеде өзгерістер енгізіп оның сапасын арттырып отырады. Бұйымды жасау барысында оның іскерліктері мен дағдылары артып отырады. Міне бұл өзгерістер шығармашылыққа қарай жасалған қадамдар болып табылады. Ал шебердің шығармашылығының сипаты бұған ұқсастығымен қатар айырмашылығы да бар. Шығармашылық көркем де жаңа бұйым жасауға бағытталған еңбек болып табылады. Шығармашылық жаңа бұйымның дәстүрлі бұйымнан айырмасымен ерекшеленеді. Жаңа бұйым формасы, құрылымы, материалы, түр түсі, фактурасы, безендіруі, өлшемдері, эргономикасы жағынан алғанда көлтеген айырмасы болады.

Шығармашылық еңбек ерекшелігі оның өзі көрсетіп тұрғандай жаңашылдығымен сипатталады. Шығармашылық еңбек, еңбек үдерісімен сипатталады. Шығармашылық еңбек басы, ортасы, аяғы деп шартты түрде оның үдерісі кезеңдері мен оның нәтижесімен байланысты қарастырылады. Шығармашылық еңбек ойластырылады, жоспарланады және үйимдастырылады [23,96].

Шығармашылық бір қырынан алып қарғанда ой корытындысының нәтижесі ретінде танылады. Кандай жұмыс болмасын ол белгілі дәрежеде ой арқылы жобасы жасалып, образы елестетілген сон жұмыс басталады. Мұнан соң ол шығармашылықтың жоспары жасалады онан соң барып, нағыз шығармашылық жұмыс үдерісі басталады.

Американдық психологиярдың анықтамасы бойынша шығармашылық дегеніміз – бұл, тани білу, жаңа бір нәрсени анықтауға үмтүлу және өз тәжірибесін терең түсіне білу қабілеті. Шығармашылық психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінін жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзінің ерекшелігімен бағаланады. Ең бастысы, шығармашыл тұлғада шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілік, тұрақты сұраныс болып, өз ісіне канат табу сезімі болуы қажет.

Қазіргі заман талабына сай шығармашылық қабілеттің дамуына бағытталған білім дегеніміз – аз уақыт ішінде мол идея корын алу емес, керісінше, жеке тұлғаның толық дамуын қамтамасыз ететін іс. Шығармашылық қабілеттің дамуы әрбір балаға қажет екендігін, әр тұлғаның қогам дамуында өз орны бар екендігін біле отырып, дарынды балалардың тек өткенге емес, болашақ да қызығушылығымен, іс-әрекеттердің жаңа тәсілдерін көбейтуге қабілеттерімен ерекшеленетіндігін атап ету қажет.

Жалпы «дарындылық» феноменін алғаш зерттеуден бастап-ақ ғылымда екі бір-біріне карама-карсы «био» және «социо» бағыттары қалыптасқаны аяна. Дарындылықтың негізгі басымды қозғауши құші тек қана генетикалық нышандар болып табылады деген пікір Ф. Гальтон, Г. Айзенк еңбектерінде айқын көрінген. Екінші бағытты ұстанған ғалымдар негізгі фактор ретінде коршаған органдың қарастырған. Ал қазіргі таңда А.Т. Асмолов негізделген ұстаным әлдеқайда өміршешек екендігін дәлелдей отыр. Л.С. Выготскийдің теориясын негізге алған бұл бағыт «дарындылықтың» білімді өз бетінше игеру, ашу, жаңа жағдайда көшіре білу, мәселені мақсатты шешу, бір сезбен айтқанда, «интеллектуалды дарындылық» ретінде зерттейді [23,816].

Педагогикалық энциклопедияда: «Дарындылық дегеніміз – адамдардың қабілеттерін жете жақсы дамуының жоғары сатысы», - деп атап көрсетіледі. Осы қабілеттілік арқылы адамдар көптеген жақсы жетістіктерге жете алады. Дарындылық – сапалы қабілеттердің өзіндік бірлесуі: оның арқасында іс-әрекет жақсарады [24,186].

Көптеген ғылымдардың ойынша дарындылық, қабілеттілік және талант бір ұғымды білдіреді. Балалардың келешегі жөнінде ойланбайтын, балалардың қабілетті, дарынды, талантты болып, болашақ қызметтерінде үлкен жетістіктерге жетуін армандастын ата-аналарды табу өте киын. Бірақ сейте тұра солардың барлығы бірдей қабілет деген не, оны қалай дамытуға болады және бұл жұмыста жаңа қандай міндет атқару керек дегенді біле бермейді. Қабілеттілік туа бола ма, жоқ әлде жүре бола ма? Олар тұқым қуалай ма, жоқ па? Қабілеттілік барлық балада бірдей дамыту мүмкін бе? Оған қалай жетуге болады? «Қабілеттілік деп – белгілі бір іс-әрекетте ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін адамның жеке-дара психологиялық ерекшеліктері айтылады». Қабілеттілік жалпы ақыл қабілетті және арнайы қабілет болып белінеді. Жалпы қабілет негізінен ойлауга қатысты болып келіп, оның анғарыштық, ойланғыштық, дербестік, сыншылдық, икемділік т.б.

қасиеттерінен көрініп отырады. Жалпы қабілет адамның өзін ой-әрекеттерінің үрлі салаларынан көрсете білуге мүмкіндік жасайды.

“Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен құмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет”. Әр баланың бойында табигат берер ерекше қабілетті, дарындылығы болады. «Бұлак көрсөн көзін аш» - дегендей, осындай баланың бойындағы дарындылық қасиетін дамыту көбіне мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне байланысты екендігі айдан анық. Шығармашылық еңбек белгілі дәрежеде маманнан білімді қажет етеді. Мамандықтың терең білімі болмай шығармашылыққа өтү мүмкін емес. Бұл арада білім деп отырганымыз мамандықтың көркем практикалық білімі, оның іскерлік пен дағдысының болуы танылады. Мысалы данқты суретші П.Пикассо «Герника» картинасын салуы үшін ол көркем өнердің көркем практикалық дайындығынан өтпесе мүндай көркем орындаушылық биік деңгейге жетпеген болар еді.

«Шығармашылық» ұғымы «әрекет» ұғымымен байланысты. Әрекет адамда немесе жан-жануарларда болатын қимылдар түрінде танылады. Әрекеттер негізінен саналы немесе санасыз әрекеттер түрінде болады. Адамның қимыл әрекеттері саналы болуымен сипатталады. Ол белгілі бір максатта болуымен ерекшеленеді. Сонымен катар жүйелілігімен, жоспарлылығымен дараланады. Бұл жеке тұлғаның білімімен, тәжірибесімен байланысты. Адамның әрекеті әр уақытта белгілі бір максатқа жетуге, міндетті орындауға бағытталған қимылдар жүйесі деп айтуда болады. Кейбір әрекет карапайым болса, кейбір әрекеттер жаңа образдық бейне жасауда бағытталған әрекет болуы мүмкін. Жаңа образдық бейне жасауда табигат құбылыстары мен заттарының бейнесін көркемдеу тәсілімен бере білу тәсілдері арқылы орындалады. Сондықтан шығармашылық іс-әрекет жаңа көркем картина немесе көркем бүйім жасауда бағытталған жеке тұлғаның іс қимылдарының жүйесі деп анықтауда болады [14,536].

Шығармашылық іс-әрекет шығармашылық жұмыс үдерісі ретінде сипатталады. Бұл іс-әрекет сонымен катар белгілі бір проектінің диагностикалық, ұйымдастыру және оны іс жүзінде асуру кезеңдерінің біреуі ретінде көрініс табады. Шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі жаңа туынды немесе жаңа бүйім болып табылады. Шығармашылық іс-әрекет өнер шеберінің жұмыс істеу үдерісі жұмысты орындау әдістері болып айқындалады. Шығармашылық іс-әрекетпен белгілі өнер шеберлерімен катар жанадан үйренуші жас білімгер немесе оқушыларда айналысады. Жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекеті бірнеше түрлерге болінеді. Оларды шартты түрде музикалық шығармашылық іс-әрекет, бейнелеуден шығармашылық іс-әрекет, дизайнерлік шығармашылық іс-әрекет т.б. болып жіктеуге болады. Адамның шығармашылық жеке тұлғасы курделі де көпқырылғы құбылыс. Әрбір шығармашылық жеке адам қайталаңбас тұлға. Оның коршаған орта адамдарына, құбылыстарға, заттарға, өмір жағдайына деген өзіндік ерекшелік катынастары болады.

Шығармашылық жеке тұлға – танымның субъектісі ретінде карастырылатын жеке өнер адамының белгісі. Шығармашылық жеке тұлға белгілі бір қоғамның тарихи жағдайдағы өнімі болып табылады. Шығармашылық жеке тұлға белгілі бір қоғамдық қатынастардың ортасында калыптасады.

Шығармашылық жеке тұлғаның психологиялық құрылышы оның бағыттылығымен, мінезімен, кабілетімен темпераментімен, танымымен сезім үдерістерінен туындаған ерекшеліктерімен айқындалады. Адамның шығармашылық жеке тұлға болып калыптасуы, ұзак та, курделі және қарама-кайшылықты процесс. Ол тұғаннан басталып адамның өмір бойы жалғаса береді [25].

Адамзаттың шығармашылық жеке тұлғасының калыптасуы оның өнердегі жеке тәжірибесінің негізінде ғана калыптасып қоймай, шын мәніндегі әлеуметтік тәжірибелі менгеру мен оған сүйену негізінде калыптасады.

Жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығы өзінің жеке қызметіндегі коршаған ортаға деген мақсаты мен көзқарасы арқылы айқындалады. Мысалы, суретшінің жеке тұлғасының бағыты оның шығармаларынан байқалады. Мысалы Қ.Телжановтың, А.Фалымбаеваның, С.Мамбеевтің қазак халқының тұрмыс салтын бейнелеген алғашкы шығармалары олардың өз елі мен туган жеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін білдіреді. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері бұйымдары халықтың қажеттілігін тұындағы отырып, ұлттың әсемдік талғамының дамуына тікелей ықпал етіп отырады. Осыларды корытып айтқанда, жеке тұлға қоғамның әсерімен калыптасады да, оның өзі қоғамға әсер етеді.

Жеке шығармашылық тұлғаның қызметінің қозғаушы күші қажеттілік. Қажеттілік дегеніміз – адам организмі онсыз өмір суре алмайтын организмге қажетті зат немесе құбылыс. Адамға қажетті құбылыс әр түрлі. Олар материалдың (тамак, үй т.б) және рухани (эстетикалық, танымдық т.б) болып болінеді. Материалдың қажеттілік, бірінші қажеттілік. Өнер рухани қажеттіліктердің қатарынан орын алады. Өнер адамның әсемдікке деген қажеттілігін қанағаттандырады. Адам әр уақытта әсем көріністерден рухани әсер алып отырады. [26]

Шығармашылық қажеттілік- шығармашылық талғамның пайда болуына ықпал етеді. Шығармашылық талғам белгілі бір тәжірибе негізінде пайда болады. Өнердегі шығармашылық талғам белгілі өнердегі бағытқа немесе өнердің бір түріне деген жүйелі бакылаудың негізінде пайда болатын ерекше ықыластың басымдылығымен сипатталады. Өнердегі шығармашылық талғам жеке тұлғаның өнертанымдық деңгейімен тікелей байланыста дамиды. [27,83б]

Қажеттіліктің негізінде шығармашылыққа қызығушылық пайда болып дамып отырады. Шығармашылық қызығушылық дегеніміз – жеке тұлғаның заттар мен құбылыстарды тануға арналған ерекше қатынасы. Өнерге деген шығармашылық қызығушылық өнер туындыларына немесе ондағы бейнелеу әдістерін білуге деген ерекше ықыласымен сипатталады.

Адамның шығармашылық қызығушылығы материалдық (затка, кімге, тамакқа т.б), және рухани (танымдық, эстетикалық) болып болінеді. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнер бұйымдары жеке тұлғаның материалдық шығармашылық қызығушылығын да эстетикалық қызығушылығында тудыратын ерекше жасалған адам енбегінің нәтижесі болып табылады.

Шығармашылық қызығушылық, «қызак мерзімді», «қыска мерзімді», «тұракты» болып жеке тұлғаның калыптасуына игі әсер етеді.

Өмірге деген көзқарас – коршаған ортага деген өмір жиынтығына, табигатқа, қоғамға және санаға, оның дамуына деген көзқарастар жүйесінен құралады. Өнерге деген шығармашылық көзқарас өнердің жана туындысы мен ондағы берілген мазмұндық керініске ой пікірлер жүйесін біріктіреді. Өмірге деген көзқарас жеке тұлғаның өз шығармашылық тәжірибесі негізінде немесе ғылыми білім негізінде калыптасады. Шығармашылық көзқарас өмірдегі заттар мен құбылысты жаңаша бейнелеу тасілдеріне деген жеке тұлғаның ой пікірі бойынша танылады. Көзқарас жеке тұлғаның қызметінен, мінезінен, көніл күйінен, қоғам мен өмір шындығынан деген қатынысынан байқалады.

Кез жеткізу дегеніміз - белгілі ғылыми немесе шығармашылық өмір тәжірибесі негізінде жинақталған ережелер мен анықтамалардың негізінде нақты іс-нәтижесін көре білу.

Жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекеті мен мінез құлқының, ұмтылысының нәтижесінде болатын образ немесе оның әлеуметтік идеялық көзқарастарының жиынтығы - шығармашылық мұрат деп аталады. Өнердегі шығармашылық мұрат дегеніміз өнердің белгілі бір саласында белгілі бір образ шығаруға деген немесе белгілі бір жана бағыт бойынша өнертанымдық көзқарастар жүйесі танылады.

Шығармашылық мұрат дегеніміз белгілі бір шығармашылық образ шығаруға деген немесе белгілі бір шығармашылық жаңа бағыт бойынша жеке тұлғаның өнертанымдық көзқарастар жүйесі танылады. Сонымен жеке адамның калыптасу үдерісі дегеніміз – белгілі бір адамның қажеттілігінің, талғамының, қызығушылығының, көзқарасының, көз жеткізуінің, мұратының өзара қатынаста және тұтастай қалыптасуын айтамыз. Жеке өнер тұлғасының шығармашылық қалыптасуы деп оның әсемдік қажеттілігінің, әсемдік талғамының, әсемдік қызығушылығының, әсемдік көзқарасының, әсемдік жеткізуінің, әсемдік мұратының өзара қатынаста және тұтастай қалыптасуын түсінеміз.

Жеке тұлғаның шығармашылық қалыптасуына бейнелеу өнерінің ықпалын тигізеді. Ол үшін мынандай іс-әрекеттер манызды орын алады: окушыларды бейнелеу өнерімен таныстыру; өнерге талдау жасау, өнер шығармаларына сипаттама беру; форманы бейнелеу, зат немесе құбылыстың сыртқы керініс белгілерін бейнелеу мүмкіндіктері арқылы көрермендерге көрсете білу; өз бетінше іс-әрекет ету, белгілі бір шығармашылық бағытта жана туынды жасау, басшылық көрсету.

Жеке тұлғаның шығармашылық қалыптастырудагы өнер пәндері мұғалімінің ролі манызды болып табылады. Мұғалімнің қызметіне

шығармашылық сипат тән. Шығармашылық мұғалім кызметінің даму көзі. Шығармашылықпен оқыту дегеніміз үнемі ізденіп, окудан барлық кезеңінде окушылардың көркем белсенділігін арттыра білетін, барлық уақытта түсіндірудің жаңа әдістерін қолданатын, танымның жаңа жүйесін аштын оқу тәрбие әдістерін арттырып отыратын, өз білімін жетілдіріп отыратын, озық ұстаздар тәжірибесін қабылдайтын, өз шеберлігін үнемі шындаپ отыратын ұстаз [28,436].

Дизайнерлік шығармашылық іс-әрекетті костюм дизайнының, жиһаз дизайнны, сәулет дизайнны, жарнама дизайнны, ландшафт дизайнны, тұрмыс заттар дизайнны, машина құрылышы дизайнны т.б болып айқындалады.

Костюм дизайнның шығармашылық іс-әрекеттермен шүгылдану үшін ең бірінші табиғаттағы зат формасы оның түр түсі, эргономикасы, форма қалыптастыру, тектоника, ритм, симметрия, жарық пен көленке, перспектива мен композиция заңдылықтары туралы білімдер қажет етеді. Сонымен қатар форма жасау ассоциацияланған образдық форма жасау, композиция құрастыру, түстердің үйлесімділігін табу сияқты іс-әрекеттерді менгеру қажеттілігі туындауды. Сондайтан суретші педагогтар мен дизайннер педагогтар жаңа туынды немесе жаңа көркем бұйым жасау бағытындағы шығармашылық іс-әрекеттер көркем біліммен көркем образдар құрастыруға бағытталған білімге негізделетінін айқындаған [29,166].

Костюм дизайнның шығармашылық іс-әрекеттер табиғатын зерттеуде бізге бейнелеу өнерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру бағытында бағалы пікірлерді сараптау орынды. Бейнелеу өнерін оқыту саласындағы көрнекті галым профессор Н.Н. Ростовцев шығармашылық енбекті жаңа шығармашылық сурет салуға бағытталған енбек ол белгілі дәрежеде шығармашылық тұлғаның көркем өнер білімдерін яғни пропорция, симметрия, ритм, жарық пен көленке, тұстану, колорит, сурет тұгастығы, композиция заңдылықтарын білуі қажет деп есептейді. Көркем өнер білімдерін менгермеген жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекеті нәтижелі болмайтындығын көрсеткен. Сонымен қатар шығармашылық іс-әрекеттің соңғы нәтижесі жеке тұлғаның білімі мен іскерлігін және бейнелеу дағыларын менгеру нәтижесімен сипаталатының айқындаған [4,1216].

Жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекеттерін және оның табиғатын тануда суретші педагог және психолог галым В.С.Кузин бағалы пікірлер айткан, В.С.Кузин жеке тұлғаның дамындағы қабылдаумен шығармашылық қабілеттерін дамытудың бағалы жақтарын көрсетумен қатар шығармашылық іс-әрекеттің құрылымына назар аударған. Ол табиғаттағы заттар мен құбылыстардың жеке даралық ерекшеліктерін қабылдаудың яғни заттың формасы, түрі, түсі, өлшемдері, фактурасы, материалы т.б. талдау жасау арқылы қабылдаудың маңыздылығына токталған. Заттар мен құбылыстардың табиғи ерекшеліктеріне талдау жасау негізінде қабылдаудың нәтижелі болатындығын және осы қабылдаудың жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекетіне өсер ететіндігін және жаңа туындының көркем сапасының артуына ықпал ететіндігін дәләлдеген [5,716].

Композиция пәнін оқытудың мазмұны мен формаларын әдіс-тәсілдерін зерттеумен шүгылданған көрнекті галым В.С.Шорохов композиция жасаудың өзі шығармашылық үдеріс деп бағалаған. Ол шығармашылық іс-әрекеттің алдынғы сатысы табиғат формаларына қызығушылық. Олардың ерекшеліктерін кабылдау бақылау мен бағалау әрекеттеріне ерекше назар аударған. Композициялық шығармашылық іс-әрекеттердің жүйесі шығармашылық қызметі айқындастындығын көрсеткен. Сонымен қатар ол көрністерді жинақтау формалардың тұтастығына жету бағытындағы ізденістердің шығармашылық іс-әрекет нәтижесіне иғі әсер ететіндігін көрсеткен. Шығармашылық ізденіссіз жана туынды бірден дайын күйінде туындастындығын дәләлдеген. Ол осы бағытта шығармашылық ойлау шығармашылық ой корытындысы абстракциялық ойлаудың шығармашылық іс-әрекетке негіз болатындығын айқындаған. Шығармашылық ізденіспен қызығушылық қарапайым бейнелеу сауаттылығын менгеру мен қарапайым бейнелеу әрекеттері синтезі ретінде жүзеге асырылғанда жаңадан ерекше композицияның шығатындығына мән берген [6,726].

Сәндік қолданбалы өнер саласындағы шығармашылық қызмет табиғатын зерттеумен айналысады Т.Я. Шпикалова шығармашылық іс-әрекет туралы бағалы пікір айткан. Ол кол өнер бағытындағы ою-өрнектер салу, ағаш ою, металл өндеу, тоқымашылық, кесте тоқу, жону, тілу, соғу, тігу әрекеттерін көркем енбек деп бағалаған. Бұларды шығармашылық енбектің қол өнер саласындағы алғашқы кезеңі болатындығын бағалаған. Қарапайым өнбектен көркем енбекке, көркем өнбектен шығармашылық енбекке өту қажеттігін көрсеткен. Ал шығармашылық іс-әрекетті ою-өрнектер салу, тоқу, кесте тігу үдерісіндегі іс қымылдар жүйесі ретінде таныған. Ол окушыларды шығармашылық енбекке тәрбиелеуде ұлттық қол өнер бүйімдары мен балаларды таныстыру арқылы олардың кол өнерге қызығушылығын арттыру шығармашылық іс-әрекеттің негізі болып табылатындығын көрсеткен. Т.С.Шпикалова балалардың шығармашылық қызметін олардың салған безендіру жұмыстарының сапасымен, безендіру композициясымен жалпы соңғы нәтижесімен анықтайды. Шығармашылық іс-әрекет шығармашылық қызметтің бір белгі ретінде таниды. Яғни бірнеше шығармашылық іс-әрекеттер жиынтығы шығармашылық қызметті білдіреді. Шығармашылық іс-әрекетті жаңа шығармашылық туынды немесе бұйым жасау барысындағы іс-қымылдар жүйесі. Ол шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесінің жаңашылдығымен дараптығымен қайталаңbastығымен орындау техникасының соңғылышымен сипатталатының дәлелдеген. Бірақ белгілі өнер шебері мен үйренуші шебердің ізденіс нәтижелерінің айырмашылығы болатынның көрсеткен [7,986].

Көркем шығармашылық енбек табиғатын зерттеу мен айналысан көрнекті галым Л.Г.Медведьев шығармашылық іс-әрекеттің негізгі бастауы көркем образдар жасау екендігін дәлелдеген. Көркем образ өнер шығармаларының көркем ерекшеліктеріне талдау жасап табиғаттағы зат формаларын бақылау.

Табиғат пен қоғам құбылыстарын қабылдау негізінде қалыптасатын адам ойындағы бейне ретінде танылған. Ол көркем образдық ойды көркем

шығармашылық іс-әрекетке негіз болатындығын тірек ретінде бағалаған. Шығармашылық іс-әрекеттің мазмұны шығармашылық ойдың калыптасуына негізделгенде нәтижесі сапалы болатындығына назар аударған. Шығармашылық іс-әрекеттің бастауы шығармашылық образдық ойдың калыптасуымен тікелей байланыстырылған. Сонымен қатар шығармашылық іс-әрекетке негіз болатындардың бірі академиялық бейнелеу әрекеттері деп таныған. Ол академиялық бейнелеу дағдыларын менгермей академиялық суреттің жоғары сапасына жете алмайтынын көрсеткен. Академиялық сурет салуды менгермей бейнелеу сауаттылығына жетуге болмайтындығын, онан шығармашылық әрекетке көшүдің негізсіздігін таныған. Л.Г.Медведьев бейнелеу қызметіндегі жаттығудың орын ерекше бағалаған. Ол нұсқаға қарап сурет салу, портрет, пейзаж шығармаларын жазу, тақырыптық картиналар салу үрдісі шығармашылық іс-әрекеттерге жататындығын дәлелдеген [13,996].

Бейнелеу өнерін оқыту саласында көрнекті ғалым профессор К. Ералин ғылыми педагогикалық еңбектерінде көркем шығармашылық іс-әрекетке талдаулар жасап оны дамытудың бағыттарындағы ұсыныстар берген [9,746].

Ол жеке тұлғаның әрекеттерін жаратылыстану, өнертану, бақылау, әдістемелік және шығармашылық деп жіктеген. Жеке тұлғаның шығармашылық іс-әрекеттерін графикалық, кескіндемелік, қол өнершілік, мүсіндік, сәүлетшілік, дизайнерлік ж.т.б. деп бөлгөн. Шығармашылық іс-әрекетті қарапайым еңбектің нәтижесінде қарапайым еңбек іс-қимылдарын менгергеннен кейін міндетті түрде ауысатын кезекті шығармашылыққа бағыталған іс-қимылдар жүйесі деп анықтаған. Шығармашылық іс-әрекет жоспарлы түрде бағыт бағдар берушілік ықпал нәтижесінде орындалғанда сапалы болатындығы айқындалған. Ол шығармашылық іс-әрекеттің калыптасуы қарапайым іскерлік пен дағдыларды менгерумен басталып, онан соң күрделі іскерлік пен дағдыларды менгеруге өтіп сонында жоғары шеберлік дарежесіндегі іскерлік пен дағдыларды менгеруге жету деп үш топқа жіктейді. Бұлардың алғашқысы өнер мектебі дәрежесіндегі менгеруге қажетті іс-қимылдар жүйесін құраса, екінші сатыдағылар орта кәсіптік шеберлік әрекеттерін көрсетеді. Ал соңғылары болса жаңа шығармашылық туынды жасауға бағыттылған және жасау үдерісіндегі кәсіби шеберлік іс-қимылдары болып анықталған.

Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны калыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, “жалпыға арналған білімнен”, “білім әркімге өмір бойы” үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді.

2008-2009 оку жылынан бастап 12 жылдық білім беруге кезен-кезенмен көшу басталды. Бұғынгі күні білім беру мазмұнын жаңартуды қөздейтін Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы жан-жақты талқыланып, Білім және ғылым министрлігінің алқа мәжілісінде макулданды.

Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Занына; “Қазақстан Республикасын 2010 жылға дейін дамытудың стратегиялық

жоспарына”, “Қазақстан Республикасында білім беруді 2005-2010 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына”, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңғырудың карынды жолында” атты Жолдауына, Болоньдегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстарына сәйкес әзірленді.

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуга, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде калыптасуында болып отыр [30].

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен республика қолемінде «Дипломмен ауылға» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқандығы бәрімізге белгілі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 актандығы №183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген деңсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» қаулысының негізінде кала қолемінде Түркістан қаласына қарасты ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін барған деңсаулық сактау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну жұмыстары аткарылада. Осыған байланысты, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында аталаған шараларды жүзеге асыру Түркістан қаласының экономика және қаржы беліміне міндеттелген. Қазіргі таңда Елбасымыздың бастамасымен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін барған мамандарды әлеуметтік тұрғыдан қолдау және ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік сала мамандарын тұрактандыру мақсатында аткарылып жатқан шараларды, оның ішінде ауылдық елді мекендерге барған әлеуметтік сала мамандарына біржолғы көтерме жәрдемақы мен тұрғын үй алуға бюджеттік кредит беруді жүзеге асыру мақсатында 2011 жылдың басынан бастап республикалық бюджеттен мақсатты трансферт қаржылары белінген. Атап айтқанда, жоғарыда аталаған мамандарға 105840 теңге қолемінде біржолғы көтерме жәрдемақы және 952560 теңге қолемінде тұрғын үй алуға бюджеттік кредит берілуде.

Бұл орайда, әлеуметтік қолдау шарасын алуға үміткер маман ауылдық елді мекенге 2015 жылдан бергі уақытта баруы және сол елді мекендердегі әлеуметтік салаға тұрақты түрде жұмысқа орналасуы, сондай-ақ тұрғылықты мекен-жайын сол елді мекенге ауыстыруы сиякты талаптар міндетті түрде орындалуы тиіс.

Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау шараларын алған әлеуметтік сала маманы сол елді мекенде бес жыл тұрақты жұмыс істеуге міндеттенеді. Түркістан қаласына қарасты басқа елді мекенге жұмысын ауыстырыған жағдайда, әлеуметтік шараларын алу құқығы сакталады, ал бес жыл өткенге дейін ауылдық елді мекеннен, атап айтқанда әлеуметтік саладағы жұмыс

орынан тұркты түрде кеткен жағдайда, әлеуметтік қолдау шаралары мемлекет есебіне кайтарылуға жатады [31].

Болашак костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру мәселелерін анықтауда ең алдымен дизайн ұғымына тоқталу орынды. Қазақстан өнер туындыларына және әйгілі өнер қайраткерлеріне бай ел. Қазақ топырағы өнердің өркен жауына құнарлы болғандықтан, еліміз өзінің мәдени туындыларымен әлемге танымал. Әсіресе дизайн өнерінің ерісі қоңыл қуантады. Дизайн дегеніміз не? Бұл туралы профессор Е.Асылханов Егемен Қазақстан газетінде жарияланған макаласында былай түсінік береді: «Бұл ұғым тәнріегінде әртүрлі пікірлер бар. Бір ғалымдар жоба, біреулері сурет, тағы бірі нобай дейді. Біздің ойымызша ол-әсемдік занына, эргономика және бионика зандарына негізделіп, формаларды адамның антропометриясына арнап қалыптастыру философиясы» [32,46].

Дизайн (design)-ағылшын тілінен аударғанда жобалау, сыйзу, ойлап табу, сондай-ак жоба, сызба, сурет деген мағынаны білдіреді. Қазіргі кезде бұл термин өндіріс бүйімдарын әрі ынғайлы, әрі әдемі көркемдеп жобалау дегенді білдіреді. Дизайн-көркем сурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бүйімдарының ең үздік ұлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атаяу [33,186].

Біздің максатымыз, қазақтың және өзге ұлттардың сән ұлгілері өнерінің тарихи сиро мен оны дамытушы костюм дизайнерлерінің маңызын аша тусу болып саналады. Бүгінде костюм дизайнердің сән ұлгілерге, яғни, халық өнеріне қосқан өзіндік ерекше өрнегін, жаңалықтары мен ой-кенестерін зерделеп, талқылап, бұл костюм ұлгілері саласындағы қосқан шығармашылық үлесіне арнағы баға беру, әлі күнге дейін дұрыстап қолға алынған жоқ.

Сән өнері халықтың шынайы рухани-эстетикалық танымымен біте қайнасып кеткен этнографиялық мәнге ие көрінісімен ерекше, құнды болғандықтан, ұлт мәдениетін айқындайтын ете маңызды, және аса қажетті сала. Міне, осы сән коллекциялық ұлгілерінде ою-өрнектің тарихын, ерекшеліктері мен дамуын зерттеуші ғалымдар, бұл саланың да өзіндік ұлгіде дамытып, жаңғыртып отыратын шеберлері болатынын, олардың шығармашылық еңбектері өзге өнер түрлеріндегі адамдардің сияқты көзге түсіп, бағалана бермейтіні және олардың шығармашылығы жөнінде өз бағасын беріп, саралау кезеңі тұганы жөнінде сауалды мәселелерді қозғап, қоңыл белер жәйттері алға тарта бастауда [34,126].

Қазіргі танда Қазақстандағы «Сымбат» академиясының шығармашылық туындылары казак ұлттық киімдері тарихынан осы заманғы сән талаптарына дейінгі аралықты қамтиды. Академияның президенті Сабыркул Жайлаубайқызы жастарға ұлттық нақыштағы қазіргі киім ұлгілері мен казақша сахналық киім ұлгілерін ұсынып, ескінің көзін ашып, халықтың көкейінен шығып жүр. Ол «Сәнді киім дегеніміз не?» - деген сұрапқа былай жауап береді: «Соның қасиеттерін санап көрейік. Ол алдымен адам денесіне конымды және колайлы болуы керек. Екіншіден, адамның ажарын ашып, дene сұлулығы мен сымбаттылығын айғақтау үшін керек.

Үшіншіден, сәнді киім адамға рухани және моральдық жағынан дем береді. «Киіміне қарап карсы алып, ақылына қарап шығарып сал», дегендегі, төртіншіден, сәнді киім адамның когамдағы орынан, байлығынан, білімінен хабардар етіп тұрады деген. Кіну үрдісі бір орында тұрып қалмай, үнемі алға қарай дамып отырады. Соған орай мода талабына сай киімді жаңғыртып отыру – адам мәдениеттілігінің де белгісі.

Адам мемлекеттің бір мүшесі екенін бағамдасақ, біздің де арқайсымыздың үстімізге қандай киім киіп шығатынымыз Қазақстан Республикасының қандай мемлекет екендігін талассыз танып тұрмак.

«Сымбат» сән академиясы қазақтың ұлттық киімдерін бүгінгі ұрпаққа кайта жаңғыртуда өз үлесін косуда. [34,1346].

Сондай-ақ Қазақстанға өз үлестерін қосып жүрген киім дизайннерлері: Құралай Нұрқадірова, Балық Асанова, Аида Кауменова, Салтанат Баймұхамедова, Айгүл Қасымова, Лария Джакамбаева, Жадыра Сахиеваларды атап кеттеске болмас.

Жалпы казақ сән өнері мәселелерін зерделеу нәтижелері ұрпақ тәрбиесінде әсіресе, олардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыру, ұлттық өнерге сүйіспеншілігін арттыру процестеріндегі өзіндік маңызы мен орынның ерекше екенін көрсетіп отыр. Ұлттық сән өнері, терең тарих және философиялық, көркем эстетика түргисында ұрпақтың санасын ашып, оның айналаға деген көзқарасын аныктап ой-өрісінің дамуына шынайы да ұтЫМДЫ әсері бар өзіндік сиро мол әлемге еліктіретіні анық. Сондыктан бұл жоғарыдағы зерделенген жағдай қазақтың сән өнерін ұлттық мазмұндағы эстетикалық ой-түйсіктерін терең пайымдап игеру үшін, осы өнер саласындағы мамандардың мынандай педагогикалық мәселелерді аныктап, шешімін табу керектігін айқындаиды.

1.Қазақ сән өнері әр түрлі тарихи кезеңдердегі композициялық ерекшеліктерін аныктап, олардың даму жолдарын зерделеп ғылыми негіздеу.

2.Сән-өнері шеберлерінің ұлттық өнердегі өзіндік орындарын, көлтәнбаларын аныктап, олардың сән коллекция жасау техникаларын, әдістемелерін игеру үшін жан-жақты жүйелі түрде зерттеулер жүргізу.

3.Болашак дизайнер-ұстаздар дайындауда ұлттық сән ұлғі өнерінің мазмұнын, оның даму тарихын және өзге де қосымша ұлгілерінің теориялық және практикалық негіздерін тереңдетіп оқытуудың жүйелі түрдегі ұтЫМДЫ педагогикалық әдістемелік жолдарын айқындау [35].

Зерттеу нәтижесінде болашак костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру туралы мынандай тұжырымдар жасауға болады:

Болашак костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру негізінен бес бағытты қамтуы тиіс екендігі көрінді.

Бірінші бағыт: дизайн сабактарында өнертанушылық, педагогикалық, тарихи этнографиялық, дизайнды оқыту әдебиеттерін зерделей білуғе дағдыландыру; пән бойынша колданылған оқу бағдарламаларына, оқулықтарына, үйірме мен факультатив жұмыстар жоспарларымен таныса

отырып, оларды талдауға, өзіндік оқулық дизайннерлік жұмыстар жасауға талпындыру;

Екінші бағыт: оку-әдістемелік әдебиеттерге, дизайннерлік жобалауға, дизайннерлік көрнекі-бейнелі материалдарға талдау жасау; дизайн өнері шеберлерінің шығармашылық енбектері арқылы көркем білім менгеруге; дизайн өнері шығармаларын қабылдауға; дизайннерлер өмірімен, шығармаларымен студенттердің өздігінен танысуына жағдай жасау;

Үшінші бағыт: дизайннерлік жаңа жоба сұранысын диагностикалық сараптау білімін менгерту; дизайннерлік жаңа жобаны жоспарлау білімін менгерту; дизайннерлік жаңа жоба жасау білімін менгерту; дизайннерлік жаңа жоба жасауды кезеңдерге бөлу білімін менгерту; дизайннерлік жаңа жоба жасауды үйимдастыру білімін менгерту; дизайннерлік жаңа жобаны сараптау білімін менгерту.

Төртінші бағыт: дизайннерлік жаңа жоба сұранысын диагностикалық сараптау іс-әрекетін менгертуге бағытталған жаттығуларын жасау; дизайннерлік жаңа жоба құрылымын айқындау іс-әрекетін менгертуге бағытталған жаттығуларын жасау; дизайннерлік жаңа жобаны кезеңдерге белгілі орындау іс-әрекетін менгертуге бағытталған жаттығуларын жасау; дизайннерлік жаңа жоба жасауды үйимдастыру іс-әрекетін менгертуге бағытталған жаттығуларын жасау; дизайннерлік жаңа жоба жетістіктерін сараптау іс-әрекетін менгертуге бағытталған жаттығуларын жасау;

Бесінші бағыт: болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық ойын қалыптастыру максатында композициялық дизайннерлік жаңа жоба жасаудағы шығармашылық ізденістерін дамыту болып табылады [36].

Бұл бағыттардағы зерттеу нәтижелері болашақ дизайннерлерді жаңа жобаны жасауға қажетті дайындықтан откізу қажеттігін анықтады. Оку-әдістемелік көмекші құралдармен, қажетті әдебиеттермен, оқулықтармен тиімді жұмыс жасауға даярлығын үйимдастыруға негізделген болашақ дизайннерлерді дайындаудың бағдарламасы мен әдістемесін айқындау қажеттігі көрінді. Болашақ дизайннерлерді дайындау әдістемесінің мазмұны, өз бетімен белсенді шығармашылық іс-әрекет жұмыстарын орындау, олардың композициялық іскерлікке және ізденістегі машиқтылыққа шығармашылық қатынасы мен ойлау қабілетін дамыту мүмкіндіктерін қамтуы тиис екендігі танылды.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру теориясы мен практикасын зерттеу бізге мынандай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру проблемасына байланысты ұсынған қозқарасқа жасаған талдау бойынша ой тұжырымдауға мүмкіндік береді: болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру технологиясы оны даярлауда ерекшеліктерді ескеруі қажет, ейткені бұл проблемалық тапсырманың ерекше түрін болжайды, ал бұл болса осы технологияның материалдық негізін қурайды.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру тұжырымдамасы жаңа заман қоғамының білікті мамандарды даярлауға байланысты койып отырган талаптарына және педагогика ғылымының болашақ мамандарды қесіптік даярлаудагы жетекші қағидаларына негізделеді. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың мәні мен мазмұнына қасіптік даярлық жүйесінде талдау жасау олардың мақсатын, міндеттерін, зандылықтары мен принциптерін, атқаратын функцияларын, әдіс-тәсілдері мен өзіндік ерекшеліктерін дәлелдей көрсетуге мүмкіндік береді.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделі болашақ дизайннерлерді көркем даярлау мақсаты, міндеттері, мазмұны, педагогикалық технологиясы, олардың дизайннерлік енбекке даярлығын қалыптастыру компоненттері мен өлшемдері, көрсеткіштері студенттердің осы саладан менгерген қасіби теориялық білімін, практикалық іскерліктерін, дағдысын, оларды қасіптік іс-әрекеттерде тиімді пайдаланудағы білімін анықтауға септігін тигізеді.

Ұсынылған болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру модельін жүзеге асыратын педагогикалық шарттар: оқытылатын пәндер бойынша менгерлуге тиісті білім деңгейін анықтау; алдағы қасіби іс-әрекетке қажетті білімді белгілі деңгейде студенттердің санасына қалыптастыру; маманды даярлауда сарапты қозқарасты жүзеге асыру; студенттерде өздігінен білімін жетілдіру дағдысын қалыптастыру, ой енбегі мәдениетіне тәрбиелеу; таңдаған мамандықты игеруге қатысты шығармашылық әрекетке даярлығының болуы; шығармашылық іс-әрекетке даярлығының бүкіл оку кезеңін қамтуы; студенттердің дербес дамуын қамтамасыздандыратын вариативті бағдарламалардың болуы болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруды қамтамасыздандырады.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың оку-әдістемелік кешені (тилтік оку бағдарламалары, оку бағдарламалары, оқулықтар, оку құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, электронды оқулық, әдістемелік нұсқаулар және т.б.) болашақ костюм дизайннерлерінің дизайннерлік шығармашылық енбектен-теориялық, практикалық, әдістемелік даярлығын қамтамасыздандырады.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру дидактикалық жүйесі студенттерге дизайнды оқыту технологиясын мазмұнды бірізділікте менгертуді көздейді.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың арналған «Шығармашылық іс-әрекет» атты курсы үйимдастыруды және оған байланысты акпараттық-дидактикалық кешенмен қамтамасыз етуді көздейді.

Студенттерді шығармашылыққа баулудың мақсаты: студенттердің дизайннерлік шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырумен анықталады.

Студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру мақсаты: 1) дизайннерлік шығармашылық іс-әрекеттер үгымдарын студенттерге менгерту;

2) студенттердің дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттерін көсіби маңызды біліктілік ретінде қалыптастыру; 3) дизайнерлік композициялық шығармашылыққа бейімдеу, көсіби құзырлығын жетілдіру болып табылады.

Студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру формалары: 1) курс сабактарын үйимдастыру; 2) аудиториялық жұмыстарда болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды орындау; 3) өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау; 4) аудиториядан тыс тапсырмалар орындау барысында дизайнерлік шығармашылықты оқып үрену; 5) болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру бойынша курстық, дипломдық жұмыстарды дайындау.

Студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру нәтижесі: костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерімен байланысты білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын менгерген болашақ мамандар болып табылады.

Зерттеудің бірінші проблемасы бойынша: «Өндірістік дизайн нысандары мен үрдістері» деп аталды. Зерттеу нәтижелері «Өндірістік дизайн түрлері», «Өндірістік дизайн үрдістері» «Шығармашылық», «шығармашылық іс-әрекет» ұғымдарына анықтамалар берілді.

Зерттеудегі екінші проблеманы шешу үшін «Шығармашылық іс-әрекет» атты оқу бағдарламасының мазмұны жасалады, тақырыптары анықталады.

Зерттеудің ушінші проблемасы бойынша «Шығармашылық іс-әрекет» атты элективті курс студенттерге үйимдастырылып, олардың лекциялық, семинарлық сабактары өткізілді. Сонымен қатар, осы мәселе бойынша дәрістер оку, практикалық сабактар өткізу, студенттерге рефераттар, баяндамалар, курстық және дипломдық жұмыстар жаздыру жоспарланды, әр түрлі ғылыми семинарлар, конференциялар, кездесулер тұрақты үйимдастыру белгіленді.

Осындай жұмыстар нәтижесінде мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерді интеграциялау арқылы «Шығармашылық іс-әрекет» атты арнаулы курс негізінде болашақ костюм дизайннерлерінің көсіби дизайнерлік шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың мүмкіншілігі анықталады.

1.2 Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделі

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделі болашақ костюм дизайннерлерінің өнертанымдық шығармашылық қызмет аясын елестетеді [37,366].

Болашақ костюм дизайннерлерінің көркем-шығармашылық икемдіктерінің құрылымы жаңа бұйымды жобалау сипатына ие икемдіктер кешені ретінде, арнайы икемдіктер мен көркем-эстетикалық икемдіктері ретінде көрініс табады, жобалау икемдіктер прогностикалық, жобалық, конструктивтік, үйимдастырушылық, коммуникативтік, ақпараттық икемдіктерді қамтиды.

Болашақ костюм дизайннерлерінің арнайы икемдіктерге: креативтілікті қалыптастыра білу қабілетін; көркем-бейнелеушілікті өз бетінше дамыту мен өзін-өзі жетілдіруді; сурет, кескіндеме салып, мүсін, сәндік бұйымдар жасауға үрренуі, белгілі көркем нысанды орындаі білу қабілетін, композицияны жасауды игеруді; пәнаралық байланысты белгілеуді; дизайн өнері шығармаларын қабылдауға баулуды жатқызуға болады.

Бұл еңбектер болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру мәселелерін шешуде басты тақырып ретінде қарастыруға болады.

Болашақ костюм дизайннерлерінің көркем білім икемділіктеріне мыналар жатады: композициялық сурет салу, бейнелеу техникаларын менгеру, дизайнерлік шығармашылық жұмысты орындау, шығармашылық жоба жасау, дизайн өнері туындыларын қабылдау, шығармашылық жобаларды талдау және бағалай білу іс-әрекеттері. Осының барлығы көп қырлы костюм дизайнны маманының көсіби дайындығы түсінігінің құрамдаушылары. Ол маманының психикасы мен денсаулығының, мазмұны мен жағдайының, касиеттерінің атқарылатын іс-әрекеттерінің заманауи талаптарына сәйкестігінін белгілі бір дәрежесі ретінде түсініледі [38,846].

Болашақ дизайннердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру үдерісі осы бағыттагы басымдықты жеке тұлғаға бағытталған білім, көркем өнер іс-әрекеті мен шығармашылыққа бірігетіндей етіп үйимдастырылуы тиіс, бұл педагогикалық үрдістің барлық катысушыларының белсенді кимылын талап етеді және тұлға мен ұжымның қалыптасуына негіз болады.

Суретші педагог ғалым В.С.Кузиннің пайымдауынша «бейнелеу өнері мұғалімінің көркем-педагогикалық икемдіктерінің құрылымы, психологиялық-педагогикалық сипаттағанда ие білімдер мен икемдіктер кешені ретінде, арнайы икемдіктер мен көркем-эстетикалық бағыттылыққа ие икемдіктері түрінде көрініс табады» [5]. Педагогикалық білімдер мен икемдіктер прогностикалық, жобалаушылық, конструктивтік, үйимдастырушылық білімдер мен икемдіктерді қамтиды.

Бейнелеу өнері мұғалімінің педагогикалық дайындығының түп негізі ретінде ғалым педагог Н.Н. Ростовцев педагогтың әдістемелік қызметін қарастырады. Ол шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға қажетті арнайы икемдіктерге: көркем-бейнелеушілікті өз бетінше жетілдіруді, сурет салып, мүсін, сәндік бұйымдар жасауға үретуді, белгілі көркем нысанды орындаі білу жолдарын менгеріп, композиция жасауды игеруді; бейнелеу шығармаларын қабылдауға студенттерді баулу бағытын көрсеткен [4].

Бұл бағыт бізге болашақ дизайннердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға қажетті білімдер мен икемділіктерді анықтауға бағыт береді. Болашақ дизайннердің көркем білімдер мен икемділіктерге костюм тігу техникаларын менгеру, шығармашылық жұмысты орындау, дизайнерлік туындыларды қабылдау, талдау және бағалай білу әрекеттері қамтылады. Осының барлығы көп қырлы дизайннердің көсіби дайындығы түсінігінің

курамдаушылары болып табылады. Ол маманның, шығармашылық әрекеттерге даярлық талаптарына сәйкестігін белгілі бір дәрежесі ретінде танылады.

Ғылыми педагогикалық әдебиеттер мен зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараптау корытындысы болашақ дизайннердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыру түсінігінің мынандай негізгі курамдаушылар болатындығын көрсетті:

Костюм дизайнынан студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыру деп – дизайнның даму тарихы, кәсіби шеберлері жасаган бұйымдарының көркем ерекшеліктері, костюмді дайындау, жобалау технологиясы туралы түсініктер беру негізінде, маманның жана модель жобалаудан практикалық жаттығу жұмыстарын орындау, әдіс-тәсілдерін іскерлік пен дағдыларын менгеру әрекеттері танылады.

Костюм дизайнынан студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыру мазмұны: дизайнның даму тарихы, жобалау, эргономика, фактура, дизайн шеберлері туралы түсініктер беру, композиция қурау, жоба жасау, жана форма дайындау, пішу мен тігу жұмыстарын үрету әрекеттерін құрайды.

Студенттерге костюм дизайнынан шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыру бағдарламасы дизайн өнері туралы түсініктерден, дизайнның даму тарихы, кәсіби шеберлері, ерекшеліктері, жоба дайындау, тігу технологиясы, пішу техникасы туралы түсініктер беретін, бірінші болімнен және жоба дайындау, жобаны кезеңдерге бөліп үрету мақсатын қөздейтін тәжірибелік жаттығулардан қураған екінші болімнен тұрады.

Костюм дизайнынан студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыру әдістемесі - дизайн өнерін таныстыру әдістері, дизайн технологиясын демонстрациялау әдістері, дизайндық жобаны кезеңге бөліп көрсету әдістері, дизайн өнері бұйымдарын талдау әдістері болып үш бөліктен құралады.

Студенттерге костюм дизайнынан шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыруын үйимдастырудың негізгі формасы сабак. Сабактар негізінен практикалық жаттығулар жасауға, дизайнерлік дағдылар мен икемдіктерді менгеруге бағытталған іс-әрекеттерге бағытталады.

Костюм дизайнынан студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыру технологиясы дизайн өнерін оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне, дизайн өнерін оқытудың педагогикалық білімдеріне, дизайн өнерін оқытудың педагогикалық іскерліктеріне, оқыту нәтижелеріне жіктеледі.

Студенттердің костюм дизайнынан шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыруы педагогикалық білімдері, дизайн өнерін оқытуды жоспарлау, үйимдастыру, талдау, дизайн өнерін оқытудың мазмұны, бағдарламасы, формасы, әдіс тәсілдері, нәтижелері туралы педагогикалық қызметтер білімі мазмұнымен анықталады.

Костюм дизайнынан студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыру педагогикалық іскерліктері дизайн өнерін оқытуды жоспарлау,

үйимдастыру, талдау, дизайн өнерін оқытудың мазмұны, бағдарламасы, формасы, әдіс тәсілдерін практикада қолдануға даяр болуымен айқындалады.

Дизайн өнерін оқытуға даярлау деп дизайн өнері туралы студенттерге көркем білімдер беріп, материал дайындау, жоба жасау іс-әрекеттерін менгертуге болашақ костюм дизайннерлерінің өнертанымдық, көркем практикалық түрғыда даяр болуын түсініміз.

Костюм дизайнынан студенттердің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастыруға жоғары оку орны оқытушыларын даярлаудың құрылымы негізінен келесі бағытты қамтитын ұстанымдармен анықталды:

-студенттерді дизайн өнері, костюм дизайнны оқытуға даярлаудың мақсаты мен міндеттері негізінде, дизайннерлік шығармашылық іс-әрекет етуге дайындау;

-студенттерді алда тұрған костюм дизайнны қызметтің іс-әрекетін нәтижелі атқару үшін қажетті практикалық іскерліктер мен дағдылардың кешенін менгерту;

-костюм дизайнын оқытудың кәсіптік педагогикалық білімі, іскерлік пен дағдыларын педагогикалық қызметте шығармашылықпен қолдана білуге үйрету;

-жеке тұлғалық мақсат бірліктік негізінде дизайн өнері, костюм дизайннынан білімдерін берудің педагогикалық үрдісін жоспарлау мен үйимдастыру кезінде негізгі бағыт беруші мотив болашақ мұғалімнің кәсіптік және жеке тұлғалық сапасын калыптастыруға көніл болу.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері болашақ костюм дизайннерінің шығармашылық іс-әрекеттерін калыптастырудың құрылымдық моделін анықтауға септігін тигізді. Ғылыми әдебиеттерде маманның кәсіби даярлығы - өзіне тиісті кәсіби әрекетті орындауға кабілетті және дайын деп есептейтін тұлғаның субъективті жағдайы, хал-күйі болып танылады. Костюм дизайн шеберлерінің кәсіби және шығармашылық қызметтің бақылау, сараптау, талдау және олармен болған сұбхат нәтижелері костюм дизайннерінің шығармашылық қызметтің мынандай топтарға белуге болатындығын көрсетті. Олар: жана модель жасау, жана модельді орындау; жана модельді безендіру; жана модельді көркем талдаудан өткізу сиякты үлкен топтарға белуге болатындығы анықталды. Сараптау корытындысы костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттер жүйесі жана дизайннерлік шығарма туралы елестетуден басталып, жана шығарманы демонстрация жасау аралығын түгел қамтитын іс-әрекеттерден құралатындығы анықталды. Костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттері тұтастықпен, бірізділікпен, жаңашылдығымен ерекшеленетін қызмет ретінде танылады. Костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттер тұтастығы осы жүйедегі іс-әрекеттердің бірі орындалмаса бұйым сапасы төмен болатындығы көрінді. Костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерінің бірізділігі, орындалатын жана жобаны жасауды, кезеңдерге бөліп орындау жақеттігін көрсетеді. Костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерінің жаңашылдығы жобаның бұрынғы жобалардан айырмасы мен

жаңалық сипаты болуы тиіс. Жаңалық сипаты формаға, колданысқа, материалға, фактурага, колоритке, декорға, т.б. ерекшеліктеріне байланысты сипатталады [39].

Костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттері құрамына «Жаңа бүйімның майда белшектерін өндеу», «Жаңа бүйімды жинақтау» «Ылғалжылу өндеу жұмыстары», «Көркем сәндік жұмыстарды орындау (түйме, кестелер және т.б.)» әрекеттері кіруі тиіс. Себебі дизайндердің шығармашылық іс-әрекетіне жаңа бүйімның моделін елестетуден бастап, оны демонстрация жасауға дейінгі іс-әрекеттер кезеңіндегі бір кезеңді де калдырып кетуге болмайды. Олардың әр қайсысының өзінің атқаралық функциясы бар. Ол іс-әрекеттің бірі орындалмаса жаңа бүйім сапасы, талап деңгейінде бола бермейді.

Бірқатар дизайнерлер, костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттеріне кіретін «жаңа модель жасау» кезеңіне ерекше мән беріп, оның дайындық кезеңіне, көп көңіл бөле бермейді. Ал кейбір дизайнерлер жаңа модель жасаудан гері, жаңа модель жасаудан кейінгі, «модельді материалмен орындау» кезеңіне басымырақ мән береді. Ал бірқатар дизайнерлер бұл екі кезеңің де мәнін мойындағы отырып, дизайндердің шығармашылық іс-әрекеттеріне кіретін «жаңа модель жасауды елестету» кезеңіне баса назар аудару керектігін алға тартады. Шын мәнінде костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін бөліп қарауға болмайтын тұтас шығармашылық үдеріс болып табылады.

Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін жүйелуе бойынша жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттерді үлкен жеті топқа жіктеу қажеттіктерін көрсетті:

-бірінші топ – жаңа модель жасауға дайындыққа байланысты дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері;

-екінші топ – жаңа модель жасаудың дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері;

-үшінші топ – жаңа жасаган модельді материалда орындаудың дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері;

-төртінші топ – жаңа жасаган модельдің материалда орындалған белшектерін құрастырудың дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері;

-бесінші топ – модельді безендірудің дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері;

-алтыншы топ – модельді көркем талдау іс-әрекеттері;

-жетінші топ – модельді демонстрациялаудың шығармашылық іс-әрекеттері;

Осылайша, болашақ костюм дизайнерлерінің кесіби даярлығының үлгісін жасай келе, біз негіз ретінде үш құрамдаушыны (мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік) алға шығардық. Осы тұрғыдан алғанда болашақ дизайндердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың құрылымдық моделі үш құрамдаушы іс-әрекеттен тұратындығы белгілі болды. Олар: мотивациялық,

мазмұндық, іс-әрекеттік деп жіктеуге болатындығы 1 кестеде көрсетілгендей болып анықталды.


Мотивациялық құрамдаушы: болашак костюм дизайнерлердің шығармашылық іс-әрекетке деген қызығушылығының болуымен: дизайн өнері арқылы көркем білім беруге деген он катынасының болуымен; шығармашылық іс-әрекеттің көркем білім берушілік мүмкіндігінің барлығына сенімінің болуымен; өзінің педагогикалық білімдерін үнемі жаңартып және байытып отыруға деген талпынысының болуымен сипатталады.

Мазмұндық құрамдаушы: костюм дизайн өнері тарихы, түрлері, жобалаудың дара ерекшеліктері туралы білімдерінің, оны оқыту туралы білімдерінің; дизайн өнері бүйімдары мен шеберлері туралы білімдері және дизайнерлік қызметі туралы, жобалау технологиясы білімдерінің болуымен көрініс табады.

Іс-әрекеттік құрамдаушысы: болашак дизайнердің костюм дизайн өнері туралы өз ойларын айтуды, сипаттама бере білуі, дизайн өнері сапасына баға беру, костюм дизайн өнері іс-әрекетінің, костюм дизайн технологиясын таңдау алу іскерлігінің; жобалау ізденіс іскерлігі; дизайн бүйімдарын жобалау, іс-шараларын жоспарлау және ұйымдастыру іскерліктері; костюм дизайн шығармаларын жобалау іс-әрекеттерін талдау іскерліктері мен дағдыларынан белгілі болады.

Маманың кесіби даярлығы - өзіне тиісті кесіби әрекетті орындауда кабілетті және дайын деп есептейтін тұлғаның субъективті жағдайы, хал-куйі деп тануға болады. Осылайша, болашақ костюм дизайнерлерінің кесіби даярлығының үлгісін жасай келе, біз негіз ретінде мотивациялық, мазмұндық және іс-әрекеттік үш құрамдаушыны алдық. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделін анықтауға септігін тигізді.

Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру моделін 1- суреттегідей елестетуге болады.



Костюм дизайны маманының практикалық қызмет аясын сараптау болашак костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделі үш құрамдаушы іс-эрекеттен тұратындығы белгілі болды. Олар мотивациялық, мазмұндық, іс-эрекеттік деп жіктеуге болатындығы анықталды.

Мотивациялық құрамдаушы: болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекеттер казеттігін түсіндіру; болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекеттерге қызыгуышылығын арттыру; болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекеттерге деген үмтүлісінің қалыптастырумен сипатталады.

Мазмұндық құрамдаушы: костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекеті туралы білімді, талдау білімдерін, жоспарлау білімдерін, ұйымдастыру білімін менгертумен ерекшеленеді.

Іс-эрекеттік құрамдаушысы: костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекет туралы өз ойларын айтуынан, сипаттама бере білуі, костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекетті жоспарлау, нәтижелерін талдау, кезеңге беліп қолдану, қолдануга тандап алу іскерліктері мен дағдыларын менгеруімен сипатталады.

Компоненттері		
Мотивациялық	Мазмұндық	Іс-эрекеттік
КОРСЕТКІШТЕРІ		
Костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекет казеттігін түсіндіру, іс-эрекет қызыгуышылығын болуы, шығармашылық іс-эрекетке үмтүлісінің болуы.	Костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекет білімінің болуы, іс-эрекетті талдау, шығармашылық іс-эрекетті жоспарлау, іс-эрекетті ұйымдастыру білімі болу.	Костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекетті қолдануды жоспарлау, ұйымдастыру, нәтижелерін талдау іскерліктері мен дағдыларының болуы.

Кесте 1. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекеттерінің калыптастыру корсеткіштері

Ұйымдастырушылық педагогикалық әдебиеттер мен зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараптау корытындысы болашақ костюм дизайннерлерінің дайындығы костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекет түсінігінің мынандай негізгі құрамдаушылар болатындығын көрсетті.

Болашақ костюм дизайннерлерінің әдістемелік дайындығы костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекет деңгейлері жогары, орта, төмен болып анықталды.

Жогары деңгей студенттері костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-эрекет казеттігін түсінігінің болуымен, іс-эрекетке қызыгуышылығы, іс-эрекетке деген үмтүлісі, іс-эрекет туралы білімі, іс-эрекетті талдау

дағдыларын менгертуімен сипатталады. Костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекетті жоспарлау, іс-әрекетті ұйымдастыру, іс-әрекетті талдау, іс-әрекетті кезенге беліп қолдану, шығармашылық іс-әрекетті таңдал алу іскерліктері мен дағдылары жоғары болуымен сипатталады.

Орта деңгей студенттері: костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттің түсінігін, костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығының, іс-әрекетке деген ұмтылышының орта болуымен сипатталады. Костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекет туралы білімді, іс-әрекетті талдау білімін, жоспарлау білімін, ұйымдастыру білімін орташа менгертуімен жоспарлау іскерліктері мен дағдыларының орташа болуымен сипатталады.

Теменгі деңгей студенттері: костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттің түсінігін, костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығының, іс-әрекетке деген ұмтылышының темен болуымен сипатталады. Костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекет туралы білімді, іс-әрекетті талдау білімін, жоспарлау білімін, ұйымдастыру білімінің темен менгертуімен жоспарлау іскерліктері мен дағдыларының темен болуымен сипатталады.

1.3 Болашақ дизайнерлердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары.

XXI ғасырда қоғамдағы құндылықтарға деген көзқарас жаңа сипаттарға ие болуда. Адамның қажеттіліктерінің ішіндегі маңыздысы сапалы білім алу болып отыр. Дамыған 50 мемлекеттік көтімдердің орын алады мезгеген еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалының өркендеуінің басты көрсеткіші терең біліммен қаруланған жеке тұлға болмак. Сондықтан қоғаммыздың алдында жеке тұлғаның бойында жаңа білімді менгеруді үнемі қажет ету және ездігінше білімдену дағдыларын қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі кездегі ақпарат алмасудағы, сондай-ақ оқыту процесіндегі жаңа технологиялар, оқытудың жаңа әдіс, тәсілдері, құралдары – осының бері адамның білім алуға деген құштарлығының, танымдық қажеттіліктерінің деңгейін білдіреді. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Білім берудің мақсаты жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, кабілеттің дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік түрғысынан жауапты шешімдер кабылдауға кабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп атап көрсетілген [40].

Жоғары мектеп педагогикасы еңбектерінде жоғары білім беру жүйесі қоғамның экономикасы, ғылыми, технологиясы және мәдениетімен тығыз байланысты екендігі айқындалған. Бұғынғы Қазақстандық білім беру жүйесінде сапалы білім бере отырып, бойында ізгілікті қасиетті қалыптастырган саналы үрпакты тәрбиелеу мәселесі өзекті мәселесінің бірі.

Білім беру жүйесінің басты міндетті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шындауга бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жана технологиясын енгізу, білім берудің ақпараттандыру. Қазіргі кезенде білім беру жүйелерінде кайта құру жүріп жатыр, білім беру жүйелерінің жаңа ұлттық моделі құрылуда.

Қазіргі таңда еліміздің болашақ үрпактарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекеттің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден-бір жолы: әлемдік білім кеңістігінен орын алу, өркениетті, қуатты елдер катарына косылу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай-ақ рухани жан дүниесі бай, жан-жакты дамыған үрпак тәрбиелеу-осы ұстанымдардан туып отырган өзекті мәселелерінің бірі. Бұғынғы таңда білім сапасының алдында дайын білімді, дағдыларды менгеретін, кайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілеттімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетті тұр. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке адамның шығармашылық, рухани және дene мұмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау, интеллекттің байту» деп атап көрсетеді.

Білім беруді демократиялданырудың, ізгілендірудің тетігі – оқушының өз әрекеттің іесі деп тану, ұлттық құндылықты, ділді қалыптастырудың тіні деп санау секілді жаңа парадигмаларды оқыту үрдісінде ұстану. Оқыту үрдісінің негізгі мақсаты – баланың білімді ізгері кезінде ойлау қабілеттің қалыптастыру, сол арқылы таным әрекеттің белсендіріп, шығармашылық кабілеттерін тәрбиелеп дамыту.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кездеде ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық кабілетті дамытуды – тұлғаны дамытудың ен басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, ейткені шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді. Экономиканың карынды дамып, тұрмыс дәрежесінің өсуіне байланысты адамдар қандай іс-әрекет болмасын, оны көркем, әдемі түрде еткізіп, өз ерекшеліктерін көрсеткісі келеді [41,186].

Осы мақсаттарды жүзеге асыруға байланысты мамандық дизайнера лік іс-әрекет болып табылады. «Дизайн» мамандығын бітірген түлекке дизайн бакалавры академиялық дәрежесі беріледі. Кәсіби қызмет саласы «Дизайн» мамандығын бітіруші бакалаврлардың іс-әрекеттің жағдайлары: экспозициялар, интерьерлер, көрnekіліктер, жарнама, өндірістік және тұрмыстық қажетті заттарға байланысты орындалатын шығармашылық және көркем безендіру жұмыстарыт [42].

«Дизайн» мамандығы бакалаврларының іс-әрекет нысандарына мыналар жатады: графикалық таңбалар, тауарлық белгілер, фирмалық ескерткіштер, көрnekіліктер, кітаптардағы көркемдеу, жарнамалар.

Кәсіби қызмет пәндері- сәулеттік ортадағы дизайн, ішкі көрініс дизайны, ландшафттық дизайн, монументті безендіру өнері;

- жарнама дизайны, полиграфия дизайны, графика тілі және сырт көрініс мәдениеті, безендіру өнері және фотографика;

-костюм дизайны, жиһаз дизайны, техникалық дизайн және безендіру- колданбалы өнер. «Дизайн» мамандығын бітіруші бакалаврлар төмөндегідей жұмыстармен айналысады: проектілеу-конструкциялау, проекті құрып, макетін жасау, гимараттар, заттар, өнімдердің модельдерін (бейнелерін) жасау; үйымдастыру және басқару; жобалар жасау түргышындағы жаңа компьютерлік бағдарламаларды игере отырып, жұмыстың жаңа әдістерін игеріп, қағидаларын орындаап, болашағын белгілеу; білу; ғылыми-педагогикалық: ғылыми және білім беру орталықтарымен байланыс жасау.

Мамандық бойынша іс-әрекеттік мазмұны негізінде түскен әлеуметтік тапсырысты дұрыс түсініп, оны жүзеге асыру бойынша дизайн бағдарламасын құрып, оның проектісін жасап, жүзеге асыру болып табылады.

Жоғары оку орындарында «Костюм дизайн» мамандығы Республика бойынша сонғы жылдары даму карқыны есе бастады. Тәуелсіздігімізді алғалы бері Казақстан Республикасының егеменді ел болуы нәтижесінде көптеген жоғары оку орындарында өзгерістер жасалынып, студенттердің білімін дамыту мақсатында елбасының Н.Ә.Назарбаевтың жасаган тұжырымдамасында былай делінген «Жоғары білім беру мақсаты - қоғамның, мемлекеттің, және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанасын, және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру». Көркем-конструкторлық білім, яғни бейнелеуші -суретші костюм дизайнерінің мақсаты, өзінің жобаланған үлгілерін іс жүзінде жүзеге асыру мақсат етіледі. Қазіргі жаңа қоғам таланттарына сай студент жастарды ұлттық дәстүр рухына тәрbiелеу, жоғары дәрежеде білім беру, еліміздің көркейіп дамуына ғылым мен білімнің қосатын үлесі зор. Болашақ дизайннерлерді дайындау - суреттеу процесінің теориялық және практикалық негіздерін мұхият зерттеумен тікелей байланысты. Бұл мамандықты игеру үшін білім мен ғылымның барлық салаларын жетік менгеру және студент жастарға оны жеткізу мақсат болып көзделеді. Эрине, шығармашилық қабілеті жоғары, ойлау, ойластыру, өзінің ойындағы идеясын қағаз бетіне түсіру дизайннерінің жобасын өмірге әкелудегі алғашқы сатылары болып есептеледі. «Дизайн» мамандығында студенттердің өз талғамы бойынша өзінің өмірге деген көзқарасы дүние танымының кең турде ашылуына үлес қосатын қияльы болып табылады [43,146]. «Костюм дизайн» мамандығы сонғы жылдары дамуда, бұған дейін Республикасыда «Тігін бұйымдарын конструкциялаушы», «Тігін бұйымдарының технология» мамандығына көп көңіл белгілген. Ал, бірақ әрбір костюм үлгісінің әсемдігін, онын көркем шешімін табу костюм дизайннерінің қолында екенін ұмытпау керек, әйткені костюм үлгісінің конструкторлық шешімін таппастан бұрын, оның технологиялық өндөлеуінің процесін анықтамастан бұрын, оның көркем шешімінің дұрыс табылуын алғашкы жолға қою қажет.

Көркем - конструкторлық білім, бұл екі бөлек, бірақ бір жаналықтың, демек әсем көркемделген үлгінің бірегейленуінің нәтижесінде пайда болатын керемет әйел қауымының немесе адамзаттың тұтынатын қажеттілігіне айналады. Болашақ костюм дизайннері мамандығы студенттерін тек сурет, эскиздерімен шектеп коймай, ол костюм үлгілерінің әрі қарай дамуына, конструкторлық, технологиялық өндеудерін қарастыруды міндет ету. Өйткені, костюм саласында жоғары оку орнында үш түрлі мамандықка бет бұрган, яғни костюм үлгілерінің көркем шешімін табушы, демек костюм дизайннерлері, одан кейін костюм үлгісінің конструкторлық шешімін табушы сыйбада көрсету, жобалау, демек, тігін бұйымдарының конструкторы болса және сонғы әрлеуден, өндеуден еткізу, костюм үлгісінің технологиялық шешімін табушы ретінде «Тігін бұйымдарының технология» маман болып табылады.

Міне, бір костюм үлгісін жасау үшін, қанша сатыдан етіп, және қанша мамандың қолынан етті десек болады. Бірақ қазіргі таңда біз өзіміздің жоғары оку орнында «Костюм дизайн» мамандығын дайындаушы ретінде көркем-конструкторлық білімді студенттерге іскерлікпен қалыптастыруды көзделп отырмыз. Демек бір мамандың өзі, яғни костюм үлгісінің көркем шешімін тауып кана коймай, оның конструкторлық шешімін дәл тауып екі саланың байланыстылығын эскус жобаларында техникалық тілде өз деңгейінде менгеру қажеттілігі туындалап отыр. Міне, осындағы нәтижелер көркем-конструкторлық шешімнің, бұл мамандық үшін алдыңғы катарда болуын міндеттейміз.

Болашақ костюм дизайннерлері әлемдік деңгейдегі дизайннерлер катарына қосылу алдағы койылған мақсат болу керек, әйткені Егеменді еліміздің болашағының қарқынды дамуына сән әлемінде алатын орны болса, яғни Казақстан Республикасының атақты костюм дизайннерлерінің орны толған ортаға айналуға әбден мүмкін. Егер жоғары оку орындағы оку үрдісінде педагогикалық теория мен практиканың біртіндеп күрделенетін педагогикалық ситуацияларымен оны шешу әдістерін үлгілейтін тұтас жүйелік интеграциясын үйімдастыраса, болашақ мамандардың көркем-конструкторлық білім алу мазмұны мен іскерлік қалыптастырудың механизмдері менгеріліп, көркем-конструкторлық білім арқылы студенттерге болашақ маман ретінде өздерін қаспіттік дәрежеде көрсете білуі алға қойылған. [2,36]

Кез-келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялыштар қауымы деңгейіне байланысты болатындықтан Республика халқына да әлемнің дамыған елдерімен тен әрежеде білім беру қажеттілігін мақсат ретінде танымал болуы, оның шығармашилық жолдағы дұрыс шешімдері, костюм үлгілерінің жинағын жобалауда әрбір салынған сзызыктарды конструкторлық тұрғыдан қарағанда дәл шешімін айқындау, оның салынған эсқиздерге түсіне, матаның фактурасына байланысты сыйбайластығын дұрыс жолға қою мақсат етіледі.

Студент жастардың сезім, ақыл-ой дүниесі өте кен, соған байланысты шығармашилық жұмыстарды, яғни бұйымды көркемдеу, оның шешімін дәл табу, әрбір костюм үлгісін дүниеге әкелгенде, оның ішінде табигат сұлулығының кереметтінен алынған, немесе тылсым дүниенің ғажайып

көріністерінен туындастын әсемдік үлгілердің көркем шешімдерін көрсете алу әрбір болашақ маманың қолынан жасалатын эскиздер болып табылады. Эрине «Костюм дизайнері» маманы ретінде, ол тек костюм үлгілерінің эскиздерін салып оның жобасын түste көрсетіп, үлгіге бір тубегейлі жаңалық енгізе отырып, кейде қарама-қайшылыктар тудырады. Олай айтуымыздың себебі, дизайнер маманы ретінде, ол тек сурет салумен айналысу қажет деген түсінік туады.

Бірақ көркем-конструкторлық білімді студенттерге, яғни болашақ «Костюм дизайнеріне» қалыптастыру, демек үлгілер жинағын жобалау барысында шығармашылық қабілеттің жоғарылауы, сонымен қатар эскиздердің конструкторлық, технологиялық шешімдерінің толық жаңалығы ашилу қажет. Осыдан, міне жобаланған үлгі эскиздердің жобасын дайындауда оның түсіне, мата фактурасына мән беріп, шектеліп коймай екінші жағына конструкторлық, технологиялық өндеду шешімдерін байланыстыру болып табылады. Өйткені қазіргі, жана заман талабына сай, техниканың жаңаруына байланысты конструкторлық білім де карынды дамуда, яғни, тігін өндірісінде жаңа жобалар, өндеду тәсілдері жасалуда, сондайтан конструкторлық, технологиялық тәсілдердің «Костюм дизайнерінің» көркем шығармашылық жобаларында орын алуы тиіс.

Өйткені болашақ «Костюм дизайнері» көркем-конструкторлық білім саласын өз деңгейінде менгеріп, яғни үлгі жобасын салғанда, адам фигурасының толық өлшемдерін, оның сызбада түрғызу жолдарын, жаңаланған конструкторлық тәсілдерін қолдана білуі қажет. Суретші өзінің жобаланған эскизінде барлық туындастын қарама-қайшылыктарға тетеп беріп, оны дизайнерлік көзқараспен дұрыс шешімін тауып, сонымен қатар конструкцияның жана тәсілдерін пайдалана отырып, технологиялық өндеделудің қолданылатын түрлерінің дұрыс шешімдерін табуы қажет. Демек, көркем-конструкторлық білімді «Костюм дизайн» мамандығында тиімді пайдалана білу, оның бір-бірімен байланысты дұрыс түсіну алдағы жолға қойылады.

Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін жүйелеу бойынша жүргізілген ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттерді үлкен жеті топқа жіктеу қажеттіктерін көрсетті: бірінші топ – жаңа модель жасауга дайындыққа байланысты дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері; екінші топ – жаңа модель жасаудың дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері; үшінші топ – жаңа жасаған модельді материалда орындаудың дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері; төртінші топ – жаңа жасаған модельдін материалда орындалған бөлшектерін құрастырудың дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері; бесінші топ – модельді безендірудің дизайнерлік шығармашылық іс-әрекеттері; алтыншы топ – модельді көркем талдаудың іс-әрекеттері; жетінші топ – модельді демонстрациялаудың шығармашылық іс-әрекеттері;

Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерімен байланысты проблемаларды талдау бізге «Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың концепциясы» жасау

кажеттігін көрсетті. Тұжырымдама жеті белімнен тұрады: тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері, жетекші идеясы, ұстанымдарымен аныкталды.

Тұжырымдаманың мақсаты: болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруды теориялық түрғыдан негіздеу, оқыту бағдарламасы мен әдістемесін жасау.

Тұжырымдаманың міндеттері: болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін жүйесін айқындау; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың бағдарламасын жасау мен әдістемесін дайындау; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың бағдарламасы мен әдістемесінің тиімділігін, зерттеу жұмыстарын тексеруден өткізу.

Тұжырымдаманың ғылыми· болжами: егер, болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттер жүйесін айқындалса, болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың моделі, бағдарламасы және әдістемесі жасалса, онда болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың ұтымдылығы артады; сонда ғана, болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың нәтижелері жаңа сапалық көрсеткіштерге кетерілетін болады. Тұжырымдаманың жетекші идеясы:

1.Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың ұлттық көркем мәдениетті құндылық құбылыс ретінде, әлемдік көркем мәдениет жүйемен салыстыра отырып оқыту, накты белгіленген дидактикалық шарттарды жүзеге асыру нәтижесінде ұтымды болады.

2.Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың қазіргі жағдайы: ғылыми педагогикалық енбектерді талдау нәтижелері бүтінгі күнге дейін болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттері белгілі жүйеге келтірілгені және оның жогары мектептің теориясы мен практикасында жеткілікті көрініс таптағандығын айқындауды. Бұл болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың дидактикалық мәселелеріне катысты кемпіліктер кездесетіндігі көрінді: Олар, болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың дидактикалық шарттарының болмауы мен оның дизайнды оқыту тәжірибесінде кеңінен қолдану қажеттігі арасында; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру мен дамытуға деген сұраныстың артуы арқасында; болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру әдістемесінің қажеттілігі мен оның жоктығы арасында қарама-қайшылықтар орын алған, осы атапған қайшылықтарды шешу бағыты зерттеу тақырыбын тандауға негіз болды.

3.Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың қоғам дамуына, мамандар дайындау талаптарына, жеке тұлға қызыметінің қызығушылық, білімділік, іскерлік мазмұндарына негізделуі.

4. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыруға койылатын талаптар; кәсіби дайындау жүйесіндегі дизайннерлік білім берудің моделін анықтаумен көрініс табады. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымдық моделінің мотивациялық, мазмұндық, іс-әрекеттік компоненттерге біріктірілуі, елшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерімен анықталады.

5. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру мазмұндық, үйымдастырушылық, әдістемелік, материалдық қамтамасыз етудің дидактикалық шарттарын орындау арқылы жузеге асырылады. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру элективтік пәндерді оқыту барысында, өндірістік практикада, курстық және дипломдық жұмыс орындау барысында жүзеге асырылады.

6. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру үш кезеңді қамтиды:

Бірінші кезең тәжірибелік-ізденіс жұмыстары; зерттеу проблемасы бойынша материалдар жинақталып, жүйеге келтірілді, қарастырылып отырған проблеманың тақырыбы, ғылыми аппараты айқындалды. Зерттеу жұмыстары жұмысының бағдарламасы даярланды. Ғылыми макалалар басылым көрді.

Екінші кезең оқу-тәрбие үрдісіне өндірілетін «Өндірістік дизайн нысандары мен үрдістер» пәнінен оқыту материалдары сұрыпталды. «Өндірістік дизайн нысандары мен үрдістер» оку бағдарламаларына «Костюм тарихы мен теориясы» бағдарламаларына қосымшалардың мазмұны әзірленді және элективті курс бағдарламасының мазмұны айқындалды.

Шілдінші кезең зерттеу материалдарын құрылым бойынша жүйеге келтірілді, нәтижелері нақтыланды, «Шығармашылық іс-әрекет» атты элективті курс бағдарламасы, жасалып, өндірістік тәжірибе бағдарламаларына қосымшалар ендірілді. Зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу істері жалғастырылды.

7. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастыру концепциясынан күтілетін нәтижелер жобасы жасалды: болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерінің теориялық негіздерін құрайтын терминдерге берілген түсініктер, анықтамалар дайындалды. Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың моделі анықталды; бағдарламасы мен әдістемесі жасалды.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары мазмұндық қамтамасыздандыру, үйымдастырушылық қамтамасыздандыру, әдістемелік қамтамасыздандыру, материалдық қамтамасыздандыру бағыттарына бөлініп қарастырылды.

Мазмұндық қамтамасыздандыру: пәндер мен сабактар, дизайн негіздері пәніне қосымшалар, «Шығармашылық іс-әрекет» элективтік курс: мазмұны мен бағдарламасының жасалынуымен сипатталды.

Әдістемелік қамтамасыздандыру: оку бағдарламалары: оқулықтар; оку әдістемелік кешендер; хрестоматиялар; көрнекі оку құралдары; дидактикалық

құралдар; электрондық оқулықтар; ОБСӘЖ, СӘЖ нұсқаулары; бакылау карточкалары; тест тапсырмалары және т.б. жасалынуымен сипатталды.

Үйымдастырушылық қамтамасыздандыру: аудиториядан тыс іс-шаралар курстық, дипломдық жұмыстар; ғылыми жобалар; семинарлар, конференциялар; тақырыптық кеш; семинар-тренинг; экскурсия; дебат; көрме; деңгелек стол; мерекелік іс шаралар; ұлттық өнер түрлерінен конкурстар; ОБСӘЖ; СӘЖ үйымдастырылумен сипатталды.

Материалдық қамтамасыздандыру: кітапхана фонды; оқытудың техникалық құралдары; видео; телевизор; компьютер кластары; интерактивті такта; оқытудың көрнекілігі; лабораториялық оқу кабинеті; интернет торы және т.б. жасалынуымен дайындалуымен сипатталды.

Мұндай іс-әрекет нәтижесінде өткізу әдістемесі, қажетті ғылыми-әдістемелік материалдарды құру, сонымен бірге педагогикалық үдеріс, сабак құрылымы, мотивтері өзгеріп, салдары ретінде болашақ маманың кәсіби сапалары молығады, артады. Оқытудың мұндай жүйесі жоғары оқу орнындағы жалпы әдістемелік жұмыс нәтижесі бола отырып, болашақ костюм дизайннерлерінің кәсіби сұраныстарына сай келуі қажет.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері болашақ дизайндердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Ғылыми әдебиеттерде маманың кәсіби даярлығы - өзіне тиісті кәсіби әрекетті орындауға қабілетті және дайын деп есептейтін тұлғаның субъективті жағдайы, хал-күйі болып танылады.

Болашақ дизайндердің шығармашылық іс-әрекеттерін қалыптастырудың құрылымын анықтау мақсатындағы зерттеу бойынша ғылыми педагогикалық әдебиеттерге талдау жасалды. Мамандыққа кіріспе атты енбекте іс-әрекет ең бірінші қажеттікten туындастырылған. «Іс-әрекеттің сипаты тапсырыс пен сұраныска байланыстылығы анықталады. Іс-әрекеттің сипаты жеке тұлғаның кимыл әрекетті қажет ету сұранысына байланысты да сипатталады. Сонымен катар бұл енбекте іс-әрекеттер мамандық іс-әрекеттері, педагогикалық іс-әрекеттерге белгінетіндігі қарастырылады. Енбекте кандай іс-әрекеттер болмасын оны алдын ала елестету, оны жоспарлау, үйымдастыру және оны талдау сияқты төрт кезеңдерден тұратындығы анықталған. Себебі кандай жұмыс болмасын белгілі адам оның көлемін, мазмұнын, орындау мерзімін, формасын, мүміндіктерін алдын ала елестететіп ой топшылайды. Мұнан соң оны орындау жоспарланады. Жоспар кезеңдерге беліп орындалады. Орындалған жұмыс нәтижеге жетеді. Осы іс-әрекеттер нәтижесі ең сонында талданып оның жетістіктері мен кемшіліктері анықталады. Оның түзетілетін жерлері түзетіледі. Осындағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде іс-әрекеттер сапасы артып бір сапалық көрсеткіштерден екінші сапалық көрсеткіштерге ауысып отырады. Іс-әрекеттер нәтижесінің сапасы артып бір сапалық көрсеткіштерден екінші сапалық көрсеткіштерге ауысуы белгілі бір даму кезеңін көрсетеді» деп көрсетілген [44,45,46] Осылан байланысты болашақ

костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттері табиғатын тануда біз осы көзқарасты негіз етіп алу қажеттігінен туындайды.

Болашақ костюм дизайнерлерінің шығармашылық іс-әрекеттер табиғатын тану барысында костюм дизайні шеберлерінің кәсіби және шығармашылық қызметіне талдау жасалды. Бақылау мен сараптау нәтижелері кейбір костюм дизайнерлерінің дизайннерлік шығармашылық іс-әрекеттіне деген көзқарастарының бірнеше бағыттарға болуға болатындығын көрсетті:

Бірінші вариант бойынша: кейбір костюм дизайннерлерінің дизайннерлік шығармашылық іс-әрекетті елестету мен жаңа модель жасау іс-әрекеттеріне басымдық беріп, модельді материалда орындау іс-әрекеттіне онша көніл бөлінбейтіні анықталды.

Екінші вариант бойынша: кейбір костюм дизайннерлерінің модельді материалда орындау іс-әрекеттіне басымдық беріп, дизайннерлік шығармашылық іс-әрекетті елестету мен жаңа модель жасау іс-әрекеттеріне онша көніл бөлінбейтіні анықталды.

Мұнан шығатын корытынды костюм дизайннерлерінің дизайннерлік шығармашылық іс-әрекетті елестету, жаңа модель жасау іс-әрекеттері мен модельді материалда орындау іс-әрекеттің тұстастай орындалатын үдеріс ретінде қарau қажет. Дизайн шеберлерінің кәсіби және шығармашылық қызметін бақылау, сараптау, талдау және олармен болған сұбхат нәтижелері дизайннерлік шығармашылық іс-әрекеттер жүйесін анықтауға болатындығын көрсетті.

Болашақ костюм дизайннерлерінің шығармашылық іс-әрекеттер жүйесі төрт топқа бөлінеді:

Бірінші топқа: дәстүрлі модельдер болашағына диагностика жасау әрекеті (анкета, сұрап-жауап, интервью, пікірлесу, семинар, конференция, ойларды жинақтау әрекеті); жаңа модель туралы елестету іс-әрекеті (жаңа модельдің бүрінғы дәстүрлі модельден айырмашылығы, жаңа модельдің формасы, түрі, түсі, материалы, пішуі, тігуі, декоры, фактурасы, эргономикасы, жан-жакты көрінісі, З өлшемдік көрінісі-ені, ұзындығы, терендігі т.б) әрекеттері қарастырылады;

